"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

07.03.2018 N 09-15/1084

«Жасыл ел» ЖШС-нің директоры
А.С.Сармановқа

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 28 ақпандағы н/с өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан ұйымдастырушы «Сарыағаш ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі – Ұымдастырушы мекеме)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында аукцион тәсілімен жарияланған №2231234-2, №2231288-2, №2231130-2, №2231052-2, №2230996-2, №2230729-2 және №2231181-2 «Мультимедийный кабинет для школ отдела образования Сарыагашского района» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алулардың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес «Проектор контрасность 30000:1» сұратылған болатын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* 3-қосымшасы болып табылатын сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінде тауардың атауын (маркасын, моделін, үлгісін және/немесе тауар белгісін көрсетілуі тиіс делінген.

Ал, камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында әлеуетті өнім беруші «Жасыл ел» ЖШС-нің ұсынған техникалық ерекшеліктерінде «Проектор – Vivitek контрасность 30000:1» көрсетумен шектеліп, осы проектордың моделін және үлгісін айқындап көрсетпегендігі анықталды. Себебі, әлеуетті өнім беруші «Жасыл ел» ЖШС-гі ұсынған проектор – Vivitek контрасность 30000:1 түрінің бірнеше моделдерінің және үлгілерінің бар екендігі белгілі болды.

Осыған орай, әеуетті өнім беруші «Жасыл ел» ЖШС-нің аукциондық өтінімдері мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының талаптарына сәйкес аукционға қатысуға рұқсат берілмеген.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Басшының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Келісілген:
А.Мұратов

Орын.Сейдуллаев Е.
Тел: 35-06-06